

**Жетісай ауданы мамандандырылған
«Дарын» мектеп-интернаты КММ**

**Тақырыбы: Жастар мен жасөспірімдер
арасында аутодеструктивті оқиғалардың,
ерте жүктіліктің келеңсіз жағдайлардың,
зорлық-зомбылықтың, жыныстық
тиіспеушіліктің алдын алу**

**Жоғары санатты
жасөспірімдер
дәрігері, терапевт
Тәжен Гүлназ
Әбдірқызы.**

Қыз баланың жыныстық жетілуі және гигиенасы.

- Қыз баланың жыныстық жетілуінің алғашқы белгілері 8-9 жаста пайда болады.
- 1-ші фазада бойдың өсуі, дене массасы ұлғаяды, сүт бездері ұлғаяды, жамбас сүйектері өсіп, бөксесі шығады.
- 2-ші фазада сыртқы жіне ішкі жыныс мүшелерінің құрылысы өзгереді, етеккір келе бастайды. Ол организмде болып жатқан күрделі , әрі алуан түрлі циклдың өзгерістері, 28 күнге созылады, бұл қалыпты физиология.

Бұл күндері ауыр салмақ түсірмеу керек , салқын тигізбеу керек. Етеккір кезінде сыртқы жыныс мүшесін таза ұстап, төсемелер қолдану қажет, ыстық моншаға жуынуға, суда жүзуге болмайды. Қыз бала ер балаға қарағанда ерте жетіледі.

ЖЫНЫСТЫҚ ЖЕТІЛУІ ДҰРЫС ӨТУІ ҮШІН КЕЛЕСІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ КЕРЕК:

- 1. Тар іш киім , шалбар кимеу өйткені олар жыныс мүшелерінің қан айналымын тарылтады.
- 2. Жыныс мүшелеріне суық тигізбеу.
- 3. Шылым шекпеу, алкогольді ішімдіктер қолданбау

- Негізі қыздарда 10-12 жаста алғаш рет етеккірі келеді. Демек, бұл уақыт олардың бойжеткендігінің белгісі.
- Етеккір келгенде не істеуі керек? Тазалықты сақтаудың алғы шарттарын қызына ең алдымен анасы, жеңгесі айтып түсіндіргені абзал.



- Ал 13-14 жаста жасөспірім қыздың гинеколог дәрігерге келіп, профилактикалық тексеруден өтуі міндетті. Бұл қабылдауды дәрігер қыздың қасында тек анасы болғанда ғана жүргізе алады. Бұл не үшін керек? Қыз баласының гинекологиялық ауытқуларын ерте жастан анықтап, дәрігерлік кеңес беру үшін қажет. Сондай-ақ, қыздың гинекологиялық тұрғыда қандай да бір шағымдары болса, мамандарға жүгініп, зерттелу керек.

- Қыздар ержеткен сайыс ата-аналарды, сынып жетекшілерді «Қыздар неше жастан гинекологқа баруы керек?», «Ерте жүктіліктің қалай алдын алуға болады?», «Қыздар тәрбиесінде нені ескеру маңызды?». Осындай көңілді күпті еткен сұрақтарға жауап іздейміз.
- «Ерте жаста жүкті болудың себебі мен салдары». Ерте жастан опық жеген талай жасөспірім қыз құрсағына біткен баладан арылудың жолын іздейді. Мұндайда түрлі айла-шарғыға баратын олар ақырында дімкәс, мүгедек, кемтар сәбилерді дүниеге әкеліп, ұлт саулығы тұрғысында қоғам дертіне дерт қосуы мүмкін.
- Кездейсоқ жүктілік – қазіргі біздің қоғамдағы ең бір түйткілді мәселелердің бірі.

- Елімізде 130 мыңға жуық жасанды түсік жасалады. Түсік жасатқандардың ең жасы 13-14 жастағы жасөспірім қыздар.
- Бүгінде 14 жастағы жасөспірімдердің 10 пайызы, 15-17 жастағы қыздардың 21 пайызы жыныстық қатынас тәжірибесіне ие.
- Қазақстанда жасөспірім қыздар арасындағы жасанды түсік Еуропамен салыстырғанда 3-4 есе көп.
- Сондай-ақ елімізде 21 мың АҚТҚ дертін жұқтырған адам болса, соның 40 пайызы 15-29 жас аралығындағы жастар.
- Осындай түрлі себептерден елімізде 17 мың отбасы бала сүйе алмай отыр. Сондықтан біз мұндай келеңсіз жайттардың алдын алу үшін балаларымызға жыныстық тәрбиені 11-12 жастан бастап жүйелі, сауатты түрде жүргізуіміз керек

Ерте жүктілік деген не?


Ерте жүктілік деп **13-19 жаста** болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді.

Медицинада **18 жасқа** дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады.



Қазіргі заманда қыз балалардың жыныстық дамуы ерте жүреді, сондықтан да сексуалдық қалау да ерте дамиды. Ата-аналардың басты мақсаты балаларды жыныстық өмірге психологиялық дайындау керек және де бұл әрекеттер балалар жыныстық өмір бастамай тұрып ерте жасалу керек.

Жүкті болған қыз балалар не істерін білмей күйзеліске беріледі. Жас әкелер әдетте шеттеніп, «өзің шеш» деп кетіп қалады. Өзін кінәлі сезінген қыз шеттенеді. Аборт жалғыз жол болып көрінеді. Ал аборт көптеген гинекологиялық ауруларға тіпті бедеулікке әкеледі.



Ерте жүктіліктің қауіп-қатері

- Жас ана жүктілікті физикалық көтере алмайды. Жас анада қиын таңдау тұрады: аборт жасау немесе баланы қалдырса өзін және нәрестені қауіп-қатерге тігеді. Толық қалыптаспаған организм жүктілікпен және босануды көтере алмауы мүмкін, сондықтан мерзіміне жетпеген нәресте немесе ақауы бар нәресте туылуы мүмкін.

□ **Статистикалық мәліметтер бойынша:**

- кәмелетке толмаған жастардың 40-60% ерте жыныстық қатынасқа түседі. Солардың ішінде 10% 14жасқа толмаған жасөспірімдер.
- статистика бойынша бойжеткен кезіндегі жүктіліктің 70 % абортпен, 15% түсікпен және тек 15% босанумен аяқталатыны белгілі. Осы 15% босанудың өзінде ана мен бала өлімінің қатері көп.

СОҢҒЫ БІРНЕШЕ ЖЫЛДА 15 ПЕН 18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚЫЗДАРДЫҢ БАЛА ТУУ КӨРСЕТКІШІ 50,5 ПАЙЫЗҒА АРТҚАН (RAPKING.KZ ЗЕРТТЕУЛЕРІ БОЙЫНША)



ЕРТЕ ЖҮКТІЛІК ҚАУІПТАРЫ ҚАНДАЙ?

Жасөспірімдік жүктілік, егер қыз әлі ана болуға физиологиялық дайын болмаса, жүктілік және босану кезіндегі ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін, ерте жүктілік кезінде жасөспірімдерде бүкіл әлемде жаңа туған нәрестелердің өлімі жоғары, ал жас ана үшін босану кезінде өлім ықтималдығы жоғары.



ЕРТЕ ЖҮКТІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ

Ерте жүктіліктің алдын алу үшін ата-аналар, ең алдымен, балаларымен сенімді қарым-қатынаста болуы керек, баламен жиі сөйлесуге, онымен "тыйым салынған" тақырыптарда сөйлесуге уақыт бөлуі керек. Мұны тек қыздардың ата-аналары ғана түсінбеуі керек. Мұндай қарым-қатынас қыздардан кем емес ұлдарға қажет, және бұл жерде Әкеге ерекше маңызды рөл беріледі.





Мектептегі жастардың жыныстық тәрбиесі үлкен маңызға ие. Жасөспірімдер ересек жаста шешім қабылдауға, өз әрекеттерінің салдары үшін жауап беруге үйренуі керек екенін түсінуі керек.

Жыныстық өмірді бастаған қыз тіпті бір қорғалмаған жыныстық қатынастың нәтижесінде жүктіліктің басталуы мүмкін екенін түсінуі керек. Ол бұған дайын ба? Ол балалы болғысы келе ме? Осы мәселелердің барлығын қыз жақындық басталғанға дейін өзі шешуі керек.

- Қазақ қыздары әрқашанда ұлтжандылығымен, өздеріне тән нәзіктігімен, сүйкімділігімен және рухани тазалығымен ерекшеленуі тиіс. Ар - намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы сыйлы болмақ.

Сенің болашағың сенің қолыңда!
Твоя судьба в твоих руках!



Назарларыңызға рахмет!